Әділет

# Қоғамдық жұмыстарға тартылған сотталғандар еңбегін қолдану үшін объектілер және қоғамдық жұмыс түрлері туралы

*Күшін жойған*

Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 22 сәуірде N 9-248 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Талдықорған қаласының Әділет басқармасында 2009 жылы 5 мамырда N 2-1-98 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 26 маусымдағы N 12-640 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 26.06.2013 N 12-640 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық - атқару кодексінің 30-бабының 1-тармағының, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 42-бабының 1-тармағының және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 2)-тармақшасы негізінде, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық жұмыстарға тартылған сотталғандар еңбегін қолдану үшін объектілер және қоғамдық жұмыс түрлері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Қайрат Найманбайұлы Бұлдыбаевқа жүктелсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2012.03.28 N 8-273 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі С. Жылқайдаров*

Талдықорған қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 22 сәуірдегі "Қоғамдық жұмыстарға тартылған сотталғандар еңбегін қолдану үшін объектілер және қоғамдық жұмыс түрлері туралы" N 9-248 қаулысына қосымша

## Қоғамдық жұмыстарға тартылған сотталғандар еңбегін қолдану үшін объектілер және қоғамдық жұмыс түрлері

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда -Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2012.03.28 N 8-273 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

| Қоғамдық жұмыстар объектілер | Қоғамдық жұмыс түрлері |
|---|---|
| "Көркем-Талдықорған" қалалық мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Аумағын жинау |
| "Талдықорған қаласының әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Талдықорғанжылусервис" шаруашылық жүргізу құқығындағы қалалық мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Аумағын жинау |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК